

*«Қазіргі кезде ел болашағы – жастардың қолында,
Қазақстанның келешегін көркейтетін білімді ұрпақ»*
Елбасы Н.Ә.Назарбаев.

Тәрбие сағатының тақырыбы:

Экстремизмге жол жоқ!

Сабақ мақсаты:

Білімділік: Оқушыларға қазіргі кездегі салт - дәстүрдің ара қатынасы, ондағы шешімін табуға тиісті мәселелер, сондай - ақ қазақ қоғамын жайлап бара жатқан түрлі келімсек дүние ағымдар, олармен күресу, сақтану жолдары турасында пікірлесу. Дін мәселесі жөнінде оң пікір қалыптастыру.

Дамытушылық: Діни наным - сенім мен олардың пайда, зияны турасында өмірден нақты мысалдар келтіре отырып түсіндіру. әлемдік діндер мен түрлі ағымдарға байланысты ой - өрісі мен дүниетанымын кеңейту.

Тәрбиелік: Елжандылыққа, отансүйгіштікке, ізгілікке, мейірімділікке баули отырып, имандылық тәрбие беру.

Жоспар:

1. Экстремизм туралы не білеміз?
2. “Шындық пен сұмдық” бейнефильмінен үзінді көрсету. Фильмге байланысты пікір талас
3. “Не істер едің?” оқушылар арасындағы топтық жұмыс. Жағдаяттардың шешімін табу.

Экстремизм (фр. *extremisme*, лат. *extremus*) —

«шеттеу» яғни орталықтан ауытқу, белгіленген жерден тыс кету деген мағына береді — жалпы тәртіпті мойындамайтын, өзінің пікірімен ғана іс-әрекет жасаушы дегенді білдіреді.

Экстремизмнің пайда болу себебі, адамның надандыққа, көрсеқызарлыққа бейімделген көзқарасынан пайда болады. Яғни, тек менің ғана пікірім болуы керек деген сияқты. Бұл ең алғашқы этаптары болып саналады.

Экстремизмнің **бірінші көрінісі** басқа біреуді көре алмау, түсінбеу немесе түсінгісі келмейтін адамдардан шығады. Лаңкесшілер дұрыс бағытқа жол көрсететін адамдардың кеңесіне мүлдем құлақ аспайды. Олар өздерін ең таза кіршіксіз деп санап, басқаның барлығын адасушыларға жатқызып, жөн білетін адамдарды мойындамайды. Міне, осының салдарынан әлемде түрлі төңкерістер мен қантөгістер орын алуда.

- Экстремистердің пайда болуының **екінші себебі**, олардың ешбір қажеті болмаса да әр істе шектен тыс шығып кетуге бейім тұруы.

Басқаларды да осыған итермелейді. Нәтижесінде адамдар арасындағы қалыпты қарым-қатынас бұзылып, қоғамдағы үйлесімді тіршілік арнасынан ауытқып, әлеум.толқулардың тууына себеп болады.

- Экстремистік көріністің **үшінші түрі**, сырт көзге байқалмайтын, адамдарға деген күдік пен сенімсіздіктен туады. *«Күдікшіл адамдардың басқалар туралы жаман ойлайтын себебі, оның санасы басқаларды өзіне жау көрді»* - дейді психотерапевт мамандары.

«Экстремизм» сөзінің ең жақын синонимі *«радикализм»*.

Бұл сөз де жанама түрде мейлі дінде, мінез-құлықта, пікірде болсын, қалыпты, дұрыс деп қабылданған деңгейден ауытқу.

- 1) жақтастары өмір сүріп отырған әлеуметтік-саяси жүйені сынға алатын және түбегейлі өзгерістер мен реформалардың жүргізілуін талап ететін саяси ағым;
- 2) қандай да бір істердегі жағдайды түбірімен түбегейлі өзгертудегі талпыныстардың, тәуекелді ымырасыз талаптардың жүзеге асырылуы.

Экстремизм жалпы түрде ешбір мөлшерді, тәртіпті мойындамайтын, өзінің шектен шыққан пікірі мен іс-әрекеттері арқылы ерекшеленген адамдарды білдіреді.

Саяси ортада пайда болған Экстремизм - **саяси_Экстремизм**, ал діни ортада пайда болған Экстремизм - **діни_Экстремизм** деп аталады.

- ХХІ ғасырдың соңғы жылдарында діни жағдайлармен байланысқан Экстремизм қанатын кең жайып келеді. Алайда бұл Экстремизмнің пайда болу сахнасы саяси орта болғандықтан, шын мәнінде діни Экстремизм бола алмайды.

Дінаралық келісім – біздің халық бірлігінің негіздерінің бірі.

ҚР Президенті, Елбасы Н.Ә. Назарбаев

Бүгінде әлемдегі дінаралық кикілжіңдер мен қақтығыстарға куә болудамыз. Әрине, **17 миллион халқы бар Қазақстанға 4000 астам түрлі конфессия (дін) өте көп.** Мысалы, соңғы уақыттарда кейбір отбасыларда әкесі бір дінді, баласы бір дінді, анасы бір дінді ұстанатын халге келдік. Қазақ отбасыларында кикілжің туатын болса, әркім өз жақтастарын мәселеге араластырып, арты бітпес жанжалға ұласып кетуі мүмкін. Осы жағдай уақыт өте келе дінаралық қақтығыс тудыруы мүмкүн. Дін атын жамылған ұйымдар қоғамды діннен, руханияттан алшақтату арқылы қоғамды дінге қарсы қояды. Жалған діндер дәл осылай еркінсіп білгендерін жасай берер болса, болашақта қоғамды діннен, руханияттан азарда-безер ететін халге жеткізеді. Діни ағымдардың әрекетіне күйінген халық дінге деген көзқарасы өзгеріп, дінсіздікке ұшырауы мүмкін.

«Діні қуатты елдің – іргесі берік»

**Тек сабыр мен серіктестік арқылы
біз Лаңкестік, жаппай қырып-жою
және кез-келген өзге қарудың
таралуы, есірткі саудасы мен
оның салдары секілді бүкіләлемдік
зұлымдық көріністерімен күресте
жеңіске жете алмақпыз.**

Н.Назарбаев

Қазақстан Республикасындағы экстремизм мен терроризмнің қауіп қатері (презентациясымен)

Дөңгелек үстелдің мақсаты

1. Қазіргі әлемдегі діни экстремизм мен терроризм, оны болдырмаудың қажеттілігі, діни төзімділік пен ұлтаралық келісімді сақтау мәселелері, қазіргі таңдағы ислам дініне жат ағымдар, олардың қазақ халқының діни танымын әсері жөнінде мағлұмат беру.
2. Оқушылардың өз ойларын еркін айтуға, өз көзқарасын нақты аргументтер арқылы дәлелдеуге дағдыландыру.
3. Оқушыларды әділдікке, адамгершілікке, Қазақстан Республикасын құрметтеуге, адал болуға тәрбиелеу.

Тарихшы

Әлемдік даму үшін XXI ғ. басында өте зор қауіп тудырып отырған терроризм проблемасы. Қазіргі замандағы озық технологиялар терроризмге бұрын - соңды болмаған алпауыт қуат беруі, адамзат үшін ең үлкен қауіпке айналуда. Соңғы кездері ірі террорлық актілерді жүзеге асырушылар мұсылман дінін ұстанған елдер өкілдері болуына байланысты – оларды ислам террористтері деп айыптау орын алуда. Осы зұлымдықтың түбірі мен себебін түсіндіруде оны географиялық және діни факторлармен байланысты деп отырғаны белгілі. Осы орайға сіздің ойыңыз.....

Саясаттанушы

Сонда терроризмнің себебі неде – деген мәселеге қайта оралсақ оның жауабы бүгінгі өркениетті деп аталатын бай елдердің озбырлығында деп айтуға болады. Қазіргі заманда «алтын миллиард» ауқатты елдер тобы мен «одан қалғанды қанағат тұтушы» болып екіге бөлінуі, Батыс елдеріндегі адамгершілік мұраттарын аяққа таптайтын зорлық - зомбылық, маскүнемдік, отбасылық қарым - қатынастың бұзылу терроризмнің тамыры дінде емес, саясатта екенінің көрінісі. Сіздің пікіріңіз -.....

Әлеуметтанушы

Бүгінгі таңда дінді, жат тәрбиені уағыздап жүргендер көбейіп барады. Бұл, түптеп келгенде, келешектің тамырына балта шабу деген сөз. Мәселен 1, 5 млрд. халқы бар Қытайда 4 қана діни конфессия болса, айналдырған 16млн. халқы бар Қазақстанда 4000 - дай діни бірлестіктердің тіркелуін қалай түсінеміз. Дін - ұстай алсаң қасиетің, ұстай алмасаң қасіретің. Мұны Елбасы да өзінің «Сындарлы он жыл» кітабында:«Екі нәрседен – діни дүмшелік пен фанатизмнен сақтану керек» деген. Дәстүрлі дін және адасқан ағымдар туралы ойыңыз.....

Географ

Өзінің жағрафиялық орналасуына қарай Қазақстан басты өркениеттер мен діндердің тоғысқан жерінде тұр. Батысы мен Солтүстігінде Ресей мемлекетімен, яғни «православ иелігі өрке - ниетімен», Оңтүстігінде, Өзбекстан, Қырғызстан, Түркменстан, яғни «ислам өркениетімен», Шығысында Қытай елімен, яғни «будда - конфуция әлеміне» қатысты қытайлық өркениетпен шектесіп жатыр. Діни экстремизмнің алдын - алу шаралары туралы айтсаңыз.....

Зерттеуші

Бүгінгі миссионерлер кімдер. Олар арнайы дайындықтан өткен шет елдерде арнайы дайындалған мамандар. Арбау, азғыру әдістерін терең игерген, адамды еліктіргіш қабілеттері мол адамдар. Әлемде олар өз жұмыстарын ірі халықаралық сауда орталықтарында, табиғи байлығы мол жерлерге орналастырады Қазақстан олар үшін дін жағынан игеретін «тың» территория. Дінтанушы ретінде осы мәселеге көзқарасыңыз.....

Мәдениеттанушы

Абай атамыздың дін жөніндегі түсінігінің өз кезеңі үшін прогрестік мәні зор. М. Әуезов айтқанындай, Абай діні — « ... ақылдың, сыншыл ойдың діні... ». «... адамгершіліктің діні...» барынша діншіл көрініп отырған өлеңінің өзінде де, Абай Ислам дінін үгіт – өсиет ете халықты, жастарды имандылыққа, терең білімге, өнерге, адамның асыл қасиеттеріне шақырады. Қазақ даласында Ислам дінін үстемтаптың идеялогиялық құралына айналдырап, дінді дәріптеуші дүмше молдалар мен сопылар, ишандар мен имамдар, қажылар мен қазіреттердің іс – әрекеттері мен теріс қылықтарын аяусыз әшкерелейді.

Көзінен басқа ойы жоқ,
Адамның надан әуресі.
Сонда да көңілі тым-ақ тоқ,
Жайқаң-қайқаң әр несі.

Білмейсің десе, жел өкпе,
Дейді дағы – тәңірі ісі.
Бірінен бірі бөлек пе
Иемнің әділ пендесі?

Жүректің көзі ашылса,
Хақтықтың түсер сәулесі,
Іштегі кірді қашырса,
Адамның хикмет кеудесі.

Наданның көңілін басып тұр
Қараңғылық пердесі.
Ақылдан бойы қашық тұр,
Ойында бір-ақ шаруасы.

Кітапты молда теріс оқыр,
Дағарадай боп сәлдесі.
Мал құмар көңілі – бек соқыр,
Бүркіттен кем бе жем жесі?

Жүректе айна жоқ болса,
Сөз болмайды өңгесі.
Тыңдағыш қанша көп болса,
Сөз ұғарлық кем кісі.

**Қоғам діннен, имандылықтан алшақтаса,
рухани азғындық басталады. Рухани
азғындау қоғамның, ұлттың іштей
ыдырауына, артынан жойылуына алып
баратын негізгі фактордың бірі.**

Қорыта айтар болсақ, еркінсінген ағымдарға
қоғам болып қарсы тұрып күреспесек, ертеңгі
күні әттегенайлап қалуымыз мүмкін. Діни
ағымдарға қарсы күрес тек
мемлекеттің міндеті емес, Отан баршамызға
ортақ қасиетті мекен болғандықтан заң
шеңберінде жұмыла кіріскен жөн.

*«Тегіміз – түрік, дініміз — Ислам» екенін ешқашан
ұмытпаймыз.*

Елбасы Н.Ә.Назарбаев

Аталарымыз осындан мың жылдай бұрын тек қана Исламды таңдаған. олай болса сол асыл діннен бізді ешкім ажырата алмайды. ол біздің қанымызда, жанымызда. Ислам діні – біздің өмір салтымыз. Мәдениетіміздің терең тамыры.